

# БІЛІМДІ ҰРПАҚ БОЛАШАҚ НЕГІЗІ



М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Ақпараттық білім беру орталығының бас оқу залында Қазақстан Республикасының Президенті, ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын жастар арасында кеңінен насихаттау, түсіндерме жұмысын жүргізу мақсатында «Елбасы Жолдауы - болашақтың негізі» атты дөңгелек үстел болып өтті. Жолдауды талқылауға білім ордасының барлық факультеттерінің оқытушылары мен студенттері, «Жастар саясаты», «Жас Отан» жастар қанатының қатысуымен өткізілді.

Дөңгелек үстелді «Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер» жөніндегі проректор С.Бейсенбаев ашып берді. «Елбасы халқына Жолдауында әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елу елінің қатарынан көрінуге бағытталған барлық бағдарлама қамтылды. Ел дамуының дұрыс стратегиясын таңдап алудың, оны халыққа жария ету маңызы өте ерекше. Мұндай стратегия халықты еліміздің жарқын болашағы бар екенін, даму үшін, кәсіби тұрғыдан өсу үшін зор мүмкіндіктер жасайтынын көрсететін, алға басуға жігерлендіретін, біздің елдің табысты болатынына сендіретін тарихи саяси құжат. Елбасы бұл жолы ел тізгінін ұстайтын жастарға көбірек тоқталып, міндеттер жүктеді»- деп атап көрсетті.

«Саясаттану» кафедрасының меңгерушісі С.Мәшимбаев кіріспе сөз алды. Өз сөзінде Елбасының Жолдауы өмірдің барлық салаларында біздерді нақты нәтижеге қол жеткізуге бағыттап, жолдаудың барлық тараулары мемлекеттің мығым мүмкіншілігін

айқын және нысана еткен нақты жетістікке жететін жолды көрсетіп отырғанын, жастарды жаңа қазақстандық патриотизмге ерекше назарын аударып, ел игілігі үшін аянбай еңбек ету қажеттігін айтып өтті.

«Экономика және қаржы» факультетінің аға тәлімгері Ғ.Пазиллов және «Өндірістік азаматтық құрылыс» кафедрасының оқытушысы К.Қошанбаева дөңгелек үстелді қорытындылап берді.

Сабира Байзақова, Сұлтанбек Мырзатай, Ақбөпе Махмудхан, Дархан Қалдыбаев, Сүндет Ержанов, белсенді студенттер жолдаудың жеті бағыттарын талдап, Қазақстандағы жастардың патриоттық рухын арттыру үшін, ел игілігі үшін аянбай еңбек етіп, барынша үлес қосатындықтарын айтып, Жолдауды қолдап, еліміздің болашағына, алдыңғы қатарлы мемлекет болатынына сенетіндерін білдірді.

Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген ірі көлемдегі міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен кітапханашылар өміріміздің барлық салаларын қамтитын сапалы ақпарат бере отырып, Жолдаудың негізгі бағыттарын оқырмандарға түсіндіру мақсатында «Елбасы жолдауы– болашақтың негізі» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, көпшілік назарына ұсынылды.

Шараға қатысушылар Жолдауды жүзеге асыруға барлық күш жігерлерін жұмсайтындықтарын және жолдауды қолдайтынын білдірді.

**Х.ШАМБУЛОВА,**  
*ақпараттық білім беру орталығының  
сектор меңгерушісі.*